«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Алпамыс» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

БҰЙРЫҚ

«05»01 2024ж №26 – ж/қ

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы»

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамына мына тұлғалар енгізілсін:

М.Т. Касенова - Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы, М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Бастауыш, мектепке дейінгі және арнайы білім беру» кафедрасының аға оқытушысы.

Білім беру саласында қызмет ететін қоғам өкілі:

Б.М. Ғабдуллина – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, «Білім берудегі әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ директорының орынбасары;

А.Т. Саримова– Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, И.М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжі, педагог;

Қалалық білім бөлімінің өкілі:

С.З. Рахметова - Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, мектепке дейінгі тәрбие мен тәрбиеші секторының әдіскері;

Мектепке дейінгі ұйымның өкілі:

А.К. Сексембаева – «Сәуле» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі;

Зейнеткер ұстаз:

Г.С . Жаманбаева- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, педагог.

Педагог:

Р.С. Сугурбаева - педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, тәрбиеші.

3. А.Е. Коспакаева Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы болып тағайындалсын.
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің құрамы, педагогикалық әдеп жөніндегіереже бекітілсін.
5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші **М.К.Сабитова**

Бұйрықпен таныстым;
Габдуллина Б.М.
Рахметова С.З.
Касенова М.Т.
Саримова А.Т.
Жаманбаева Г.С.
Сексембаева А.К.
Сугурбаева Р.С.
Коспакаева А.Е.

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК Педагогикалық кеңесте
келісілді: хаттама №1
«28 » тамыз 2024 ж

БЕКІТЕМІН:
«Алпамыс» бөбекжай -бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
_____ М.К.Сабитова

2024–2025 оқу жылына арналған
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

Жалпы мақсаты:
Білім беру ұйымының әкімшілік, педагогикалық және техникалық қызметкерлерінің моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауын үйлестіру және оған мониторинг жүргізу.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымының педагог қызметкерлерінің кәсіби әдебінің әдіснамалық негіздерін қалыптастыру.
2. Педагогтер мен мектепке дейінгі ұйымның басқа да қызметкерлерінде әдеп нормаларын сақтауға ұмтылыс қалыптастыру, балабақшада корпоративтік мәдениетті дамыту және ұйымның оң имиджін нығайту.
3. Жас мамандарға кәсіби әдепке қатысты белгісіз жағдайларда бағыт-бағдар беру, сондай-ақ білім беру ұйымының педагог қызметкерлерінің кәсіби әдеп қағидаларының сақталуына қоғамдық-кәсіби бақылауды жүзеге асыру.
4. Білім беру процесінде педагогикалық және техникалық қызметкерлердің адамгершілік тұрғыдан дұрыс бағдар алуына ықпал ету

№	Отырыс тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуына байланысты туындаған жанжалды жағдайларды қарастыру және реттеу.	Өтініштер келіп түскен сайын	Меңгерушісі М.К. Сабитова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері, педагогтар
2	Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылу фактілерін тексеру жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізу.	Өтініштер келіп түскен сайын	Кеңес мүшелері
3	Еңбек тәртібін нығайту және педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу жөнінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар енгізу.	Қажеттілігіне қарай	Кеңес мүшелері
4	Тараптарды татуластыру жұмыстарын жүргізу.	Өтініштер келіп түскен сайын	Кеңес мүшелері
5	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарын өткізу.	Тоқсанына 1 рет, сондай-ақ өтініштер келіп түскен сайын	Кеңес мүшелері

II	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу туралы. 2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығын (29.04.2024 ж. өзгерістерімен) Кеңес мүшелеріне түсіндіру. 3. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.	2024 ж.02.09.	Меңгерушісі М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері
III	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына бақылау жүргізу. 2. Педагогтің әдеп қағидалары. 3. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі бойынша әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг қорытындылары.	2024 ж.24.12.	Әдіскер М.С. Баграмова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері, педагогтар
IV	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы. 2. Іскерлік ойын: «Тәртіп не үшін қажет? Заңдарды сақтаудың артықшылықтары». 3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің бір жылдағы қызметіне талдау жасау.	2025 ж.21.05.	Меңгерушісі М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері, педагогтар

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2024 ж.02.09.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел
Қатысқандар: 10
Б.М Габдуллина
С.З.Рахметова
М.Т.Касенова
А.Т.Саримова
Г.С.Жаманбаева
А.К.Сексембаева
Р.С Сугурбаева
Меңгеруші М.К. Сабитова
Әдіскер М.С. Баграмова
Хатшы А.Е.Коспакаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту және Кеңестің жұмыс жоспарын қарау, бекіту. **Жауапты:** меңгеруші М.К. Сабитова
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығын (2024 ж. 29.04. өзгерістерімен) Кеңес мүшелеріне түсіндіру. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.

1.
ТЫҢДАЛДЫ:
Меңгеруші Сабитова М.К. сөз сөйлеп: 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын және жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды. Кеңес құрамының қолданыстағы бұйрыққа сәйкес қалыптастырылғанын, ал жұмыс жоспарының кеңес қызметінің негізгі бағыттарын қамтитынын атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Мадина Тумырзаевна Касенова: кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін таныстырып, әр мүшенің жауапкершілік бағыттарын белгілеуді ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі, А.К. Сексембаева сөз сөйлеп, Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтті. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.
Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.
Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті

сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтардың тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогқа тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы мен кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері 2024 жылғы 5 қаңтардағы №26 «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бұйрығына сәйкес бекітілсін (қосымша).
2. Кеңес өз қызметінде Педагогикалық әдеп қағидалары мен Кеңес туралы ережені басшылыққа алсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кеңес төрағасына жүктелсін.

Жауапты: меңгеруші М.К Сабитова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2024–2025 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрағасы М.Т. Касенова: ҚР Білім және ғылым министрінің 2020ж. 11.05. № 190 бұйрығына сәйкес педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттері туралы айтып берді. Педагогикалық әдеп жөніндегі.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және обьективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогқа тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну, тәртіптік істі тоқтату.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі, С.З. Рахметова сөз сөйлеп, этикасы-педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық әдеп -ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми

өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы педагог әдебі мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

ҚАУЛЫ:

1. №190 бұйрығының талаптары барлық педагогтадың назарына жеткізілсін. Жауапты: мерзімі: үнемі
2. Педагогтардың әдеп нормаларын сақтауына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Жауапты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** жыл бойы.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова: 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтардың әдеп нормаларын сақтау, педагогикалық ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру, педагогтардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, әдеп қағидаларының сақталуына мониторинг жүргізу, профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру, сондай-ақ туындаған даулы мәселелерді қарау бойынша іс-шаралар қамтылғаны айтылды.

Кеңес мүшелері ұсынылған жұмыс жоспарын талқылап, толықтырулар енгізу бойынша пікірлерімен бөлісті. Талқылау нәтижесінде жұмыс жоспарын бекітіп, жоспарға сәйкес барлық іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау ұсынды.

ҚАУЛЫ:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақтылы өткізілсін.

Жауапты: меңгеруші М.К. Сабитова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова. **Мерзімі:** 2024–2025 оқу жылы.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы мен кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері 2024 жылғы 5 қаңтардағы №26 «Алпамыс» бөбекжай- бақшасы» МКҚК бұйрығына сәйкес бекітілсін (қосымша).
2. Кеңес өз қызметінде Педагогикалық әдеп қағидалары мен Кеңес туралы ережені басшылыққа алсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау кеңес төрағасына жүктелсін.

Жауапты: меңгеруші М.К. Сабитова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2024–2025 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

1. №190 бұйрығының талаптары барлық педагогтердің назарына жеткізілсін. Жауапты: мерзімі: үнемі
2. Педагогтардың әдеп нормаларын сақтауына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Жауапты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** жыл бойы.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақтылы өткізілсін.

Жауапты: меңгеруші М.К Сабитова, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.

Мерзімі: 2024–2025 оқу жылы.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:_____

Хатшы: _____

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2024 ж. 24.12.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел
Қатысқандар: 8
Б.М Габдуллина
С.З.Рахметова
М.Т.Касенова
А.Т.Саримова
Г.С.Жаманбаева
А.К.Сексембаева
Р.С Сугурбаева
Әдіскер М.С. Баграмова
Хатшы А.Е.Коспакаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына бақылау жүргізу.
   Жауапты: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері А.Т. Саримова.
2. Педагогтың әдеп қағидалары. **Жауапты:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері Б.М. Ғабдуллина.
3. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі бойынша әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг қорытындылары. **Жауапты:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері Р.С. Сугурбаева.

1.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі А.Т. Саримова сөз сөйлеп, педагогтің қызметі, оның функционалдық міндеттері мен құқықтары туралы жан-жақты баяндады. Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында педагогтің қоғамдағы мәртебесіне ерекше мән берілгенін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі С.З. Рахметова сөз сөйлеп, қазіргі таңда қоғамдағы педагогты рөлі өте маңызды екенін атап өтті. Педагогтың мәртебесін көтеру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екендігін айтып, ата-аналар мен тәрбиеленушілер тарапынан педагогке құрмет көрсету қажеттігіне назар аударды.

ҚАУЛЫ: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтармен түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жалғастырсын. **Жауаптылар:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** тұрақты.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Б.М. Ғабдуллина сөз сөйлеп, қызметтік жүктемесінің көп болуына байланысты кеңестің әрбір отырысына қатысуға мүмкіндік бола бермейтінін айтты.

Бақыт Мырзағалиқызы бүгінгі отырыста қаралып отырған «Педагогтың әдеп қағидаларын сақтау» мәселесінің өзектілігіне тоқталды. Ол педагогикалық әдептің

негізгі ұғымдарына, педагогтардың әдеп нормаларын сақтау жөніндегі міндеттеріне жан-жақты тоқталып өтті.

Сонымен қатар, бөбекжай педагогтары арасында тарату мақсатында «Педагогтың әдеп қағидалары» атты жадынаманы әзірлеп, барлық педагогқа үлестіруді ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Г.С. Жаманбаева ұсынылған жадынамалардың өзектілігін атап өтіп, олардың «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» педагогтарының күнделікті жұмысында кеңінен қолданылатынын жеткізді.

ҚАУЛЫ: «Педагогтың әдеп қағидалары» жадынамасы «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» барлық педагогтары арасында таратылсын. **Жауаптылар:** әдіскер М.С.Баграмова, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Р.С. Сугурбаева сөз сөйлеп, педагогтердің әлеуметтік желілердегі парақшаларына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есеп берді.

Мониторинг барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының әлеуметтік желілердегі жарияланымдары мен мінез-құлқы зерделеніп, педагогикалық әдеп нормаларының бұзылу фактілері анықталмағаны айтылды.

ҚАУЛЫ:

1. Мектепке дейінгі ұйым педагогтары тарапынан педагогикалық әдеп нормаларын бұзу жағдайлары тіркелмегені назарға алынсын.
2. Педагогтардың әлеуметтік желілердегі қызметіне тұрақты түрде мониторинг жүргізу жалғастырылсын.

Жауаптылар: мектепке дейінгі ұйым педагогтары, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтермен түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жалғастырсын. **Жауаптылар:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2. «Педагогтің әдеп қағидалары» жадынамасы «Алпамыс» бөбекжай-бақшасының» барлық педагогтері арасында таратылсын. **Жауаптылар:** әдіскер М.С. Баграмова, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

1. Мектепке дейінгі ұйым педагогтары тарапынан педагогикалық әдеп нормаларын бұзу жағдайлары тіркелмегені назарға алынсын.
2. Педагогтардың әлеуметтік желілердегі қызметіне тұрақты түрде мониторинг жүргізу жалғастырылсын.

Жауаптылар: мектепке дейінгі ұйым педагогтарі, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:_____

Хатшы: _____

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2025 ж. 21.05.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел
Қатысқандар: 8
Б.М Габдуллина
С.З.Рахметова
М.Т.Касенова
А.Т.Саримова
Г.С.Жаманбаева
А.К.Сексембаева
Р.С Сугурбаева
Меңгеруші М.К. Сабитова
Әдіскер М.С. Баграмова
Хатшы А.Е.Коспакаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.
2. Іскерлік ойын: «Тәртіп не үшін қажет? Заңдарды сақтаудың артықшылықтары». **Жауапты:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі С.З. Рахметова.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің бір жылдағы қызметіне талдау жасау. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп кеңес төрағасы М.Т. Касенова сөз сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда оқу жылы бойы педагогикалық әдептің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген профилактикалық іс-шараларға тоқталды. Атап айтқанда, педагогтармен түсіндіру жұмыстары, жеке және ұжымдық әңгімелесулер, кеңестер ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби әдебі бойынша түсіндіру шаралары тұрақты жүргізілгенін баяндады.

Сонымен қатар, кеңес мүшелерін «Педагогтардың кәсіби әдебі» тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған аналитикалық анықтамамен таныстырды. Сауалнама қорытындысы педагогтардың педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Б.М. Ғабдуллина сөз сөйлеп, оқу жылы бойы осы бағыттағы жұмыстардың жоспарлы түрде жүргізілгенін атап өтті. Педагогтар тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп қағидаларын сақтап, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен әдеп кодексінің талаптарын орындағанын жеткізді.

ҚАУЛЫ:

1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы назарға алынсын.
2. Педагогтардың педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бағытындағы профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жалғастырылсын.

Жауаптылар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері, әдіскер , барлық педагогтар. **Мерзімі:** тұрақты.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі С.З. Рахметова қатысушыларға «Тәртіп не үшін қажет? Заңдарды сақтаудың артықшылықтары» тақырыбында іскерлік ойын өткізді.

Ойын барысында кеңес мүшелері түрлі жағдаяттарды талдап, педагогтың кәсіби қызметіндегі тәртіптің, заң талаптарын сақтаудың және педагогикалық әдеп қағидаларын ұстанудың маңыздылығын талқылады. Қатысушылар өз білімдерін жетілдіріп, кәсіби этикалық құндылықтар жөніндегі түсініктерін нығайтты.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогтардың құқықтық мәдениеті мен педагогикалық әдепті сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында осындай тәжірибелік іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Іскерлік ойын барысында қарастырылған материалдар педагогтардың күнделікті жұмысында басшылыққа алынсын.

Жауаптылар: педагогтар. **Мерзімі:** жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің бір жылдағы қызметіне талдау жасады.

Өз баяндамасында кеңес жұмысының жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілгенін атап өтті. Кеңес отырыстары уақтылы өткізіліп, педагогтар арасында педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру, алдын алу және ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылғанын айтты.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша бөбекжай қызметкерлері тарапынан педагогикалық әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталмағаны хабарланды.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау талаптары бойынша әдістемелік ұсынымдармен сөз сөйлесін.
3. Келесі оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарына педагогтардың кәсіби мәдениетін, құқықтық сауаттылығын және педагогикалық әдеп нормаларын нығайтуға бағытталған іс-шаралар енгізілсін.

Жауаптылар: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2025 жылғы тамыз айындағы қорытынды педагогикалық кеңеске дейін және 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу барысында.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.

1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы назарға алынсын.
2. Педагогтардың педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бағытындағы профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жалғастырылсын. **Жауаптылар:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері, әдіскер М.С. Баграмова, барлық педагогтар. **Мерзімі:** тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

1. Педагогтардың құқықтық мәдениеті мен педагогикалық әдепті сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында осындай тәжірибелік іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Іскерлік ойын барысында қарастырылған материалдар педагогтардың күнделікті жұмысында басшылыққа алынсын.

Жауаптылар: педагогтар. **Мерзімі:** жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау талаптары бойынша әдістемелік ұсынымдармен сөз сөйлесін.
3. Келесі оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарына педагогтардың кәсіби мәдениетін, құқықтық сауаттылығын және педагогикалық әдеп нормаларын нығайтуға бағытталған іс-шаралар енгізілсін.

Жауаптылар: педагогикалық әдеп кеңеінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2025 жылғы тамыз айындағы қорытынды педагогикалық кеңеске дейін және 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу барысында.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:_____
Хатшы: _____